

«28» 02 2022 ж.
№ 26 бұйрыққа
1-қосымша

«Қазақстан тарихы пәнінен III-IV тоқсанның үздік БЖБ, ТЖБ материалдары» қалалық сырттай байқауын ұйымдастыру және өткізу ЕРЕЖЕСІ

I. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Ереже байқаудың (бұдан әрі - Байқау) мақсаттары мен міндеттерін, оны ұйымдастыру және өткізу тәртібін айқындайды, байқауға ұсынылатын материалдарға қойылатын талаптарды, оларды бағалау өлшемдерін, жеңімпаздарды айқындау және марапаттау тәртібін белгілейді.

1.2. Ұйымдастырушы: «Білім беруді жаңғырту орталығы» МКҚК

1.3. Қатысушылар: тарих пәні педагогтері.

1.4. Байқау Нұр-Сұлтан қаласы Білім беруді жаңғырту орталығының жоспарына сай өткізіледі.

1.5. Нәтижелерді жариялау: байқаудың кезеңдері бойынша қорытындысы БЖО сайтында орналастырылады: <https://astana-modern.kz/>

II. БАЙҚАУДЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

2.1. **Мақсаты:** Білім үдерісінде оқушылардың білімін жиынтық бағалауды ұйымдастыру бойынша педагогтердің тәжірибе алмасуы және бөлісуі, шығармашылықпен жұмыс істейтін педагогтарды анықтау.

2.2. Міндеттері:

- Жиынтық бағалауды ұйымдастыру бойынша педагогтердің тәжірибе алмасуы және бөлісуі;
- Нұр-Сұлтан қаласы педагогтерінің тәжірибелерін таратуда ашық алаңын құру.
- Мұғалімге оқыту процесіне түзетулер енгізуге, жұмыс күрделілігінің деңгейін дұрыс таңдауға мүмкіндік беру

III. БАЙҚАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

3.1. Байқауды ұйымдастыру және өткізіп, қорытындысын шығару үшін қалалық комиссия құрамы құрылады.

3.2. Байқауға қала мектептерінің тарих пәні педагогтері (енбек өтілі, біліктілік санаты ескерілмейді) қатыса алады.

3.3. Байқаудың өту мерзімі: **31 наурыз, 2022 жыл.**



3.4. Байқау I кезеңнен өтеді: **(сырттай)**: пән педагогтері ең үздік БЖБ, ТЖБ материалдың электрондық түп нұскасы мен қатысу өтінімін (1-қосымшаға сәйкес), **25 наурызға (2022)** дейін **daira_ao@mail.ru** поштасына жіберу сұралады.

3.5. Комиссия мүшелерінің дауыстары тең болған жағдайда, комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

3.6. Белгіленген мерзімнен кешіктірілген жұмыстар қабылданбайды. Қойылған талаптарды бұза отырып орындалған материалдар қаралмайды. Байқау материалдарына пікір берілмейді және қайтарылмайды.

3.7. Ереженің III тармағына сәйкес, ұсынылған жұмыс авторлық жұмыс болуға тиіс.

IV. БАЙҚАУҒА ҰСЫНЫЛАТЫН ЖҰМЫСТАРДЫҢ ТАЛАПТАРЫ

4.1. БЖБ, ТЖБ материалдары жалпы білім беру мазмұны бөлімді, тоқсандық жиынтық бағалау тапсырмаларын әзірлеудің негізгі стандарттары мен талаптарына сай болуы тиіс.

- оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаттары;
- оқу мақсаттарына сәйкес бағалау критерийі;
- бағалау критерийлерінің ойлау дағдыларының деңгейіне сәйкестігі;
- жаас ерекшелігіне сай болуы;
- танымдық әрекетке ынталандыратын нақты, түсінікті болуы;
- сараланған тапсырмалардың болуы.

4.2. Байқауға ұсынылатын материалдар:

- жұмыс мәтіні компьютерде басылып мынадай құрылымнан тұруы тиіс.
 - титул парағы;
 - мазмұны (14 шрифт, Times New Roman).
- Титул парағында мыналар көрсетіледі:
- жұмыс орындалған ұйымның толық атауы, қаласы, мектебі;
 - мұғалімнің тегі, аты-жөні;
 - сабақтың атауы.

- барлық материалдар казак немесе орыс оқыту тілінде баспа және электрондық нұсқада ұсынылады және 25-ші наурызға дейін орталықтың Байқау комиссиясына жіберіледі;

V. Жеңімпаздарды марапаттау тәртібі

Жеңімпаздар комиссия құрамы шешімімен жоғарыда қойылған талаптарға сәйкес анықталады.

Сырттай байқау қорытындысы бойынша жеңімпаздар мен жүлдегерлері Білім беруді жаңғырту орталығының I, II, III дәрежелі дипломдар және сертификаттарымен марапатталады.

Байқау қорытындысы **2022 жылғы 5 сәуір күні** <http://astana-modern.kz/> сайтында жарияланады.

«Қазақстан тарихы пәнінен III-IV тоқсанның үздік БЖБ, ТЖБ материалдары»

қалалық сырттай байқауына қатысуға

ӨТІНІМ

Қатысушының толық аты-жөні	
Білім ұйымының толық атауы	
Лауазымы	
Оқытатын пәні	
Жұмыс өтілі	
Біліктілік санаты	
Электрондық поштасы	
Желілік байланыс номері	

«Қазақстан тарихы пәнінен III-IV тоқсанның үздік БЖБ, ТЖБ материалдары» қалалық сырттай байқауының бағалау критерилері

Аты-жөні:

Білім беру ұйымы:

Тақырыбы:

№	Бағалау критерилері	Балл 1-5
1	Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаттары; Оқу мақсаты мен сабақтың мақсатының сәйкестігі; оқу мақсаттарына сәйкес бағалау критерийі;	
2	Оқушының білім деңгейінің ескерілуі;	
3	Оқыту материалының жүйелілігі мен бірізділігі;	
4	Бағдарламаның міндеттеріне сәйкес оқыту материалының ашылу әдіс-тәсілдері;	
5	Ресурстарды пайдаланудағы сапасы;	
6	бағалау критерийлерінің ойлау дағдыларының деңгейіне сәйкестігі;	
7	жас ерекшелігіне сай болуы;	
8	Тақырыптың толық ашылуы, әдістемелік әдістердің ерекшелігі;	
9	Мұғалімнің шығармашылығы;	
10	сараланған тапсырмалардың болуы.	
11	Білім беру үрдісінде инновациялық технологияларды қолдану деңгейі;	
	Ескертулер	
	Жалпы ұпай	

Көмшесия мұшесі: